Әділет

# Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 27 маусым 1995 ж. N 34. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 маусым тіркелді. Тіркеу N 75. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-------------------Бұйрықтан үзінді---------------
Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :
Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:
5. "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 34 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 V950075_ бұйрығы. --------------------------------------------------

ЕСКЕРТУ. Бүкіл мәтіндегі "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы N 2235 Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы N 2235 Заңы" деген сөздермен ауыстырылсын; "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235

Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) "Жер салығы" бөліміне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің "1996 ж. 31 желтоқсандағы 60-1 Заңына" негізделіп шығарылды.

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер мемлекеттік меншік болып табылады. Мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін жеке меншікке беру, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, ақы төленіп жүргізіледі.

Мемлекеттік меншіктегі жерлердегі жер учаскелері мынадай болуы мүмкін:

1) жеке меншікке өтеусіз берілді немесе сатылды;

2) тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беріледі;

3) "Жер туралы" (бұдан әрі - Жарлық) Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен, өзге де заңдар актілері мен мемлекеттік шарттарда көзделген жағдайлардағы өзге де құқықтық нысандарда іске асырылады.

Жерге жеке меншік азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі түрінде болып келеді.

Жер иесіне оған тиесілі жерді иелену, пайдалану және билік ету құқықтары жатады.

Шетел азаматтары мен заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар, егер өзге де Жарлықпен немесе басқа да заңдарда көзделмесе, жер құқықтық қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтары және заңды тұлғаларымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттерді орындайды.

Мемлекет берген жер үшін төлем жер учаскесінің сапасы, орналасқан жері және сумен қамтамасыз етілуіне қарай айқындалған жер салығы немесе жал төлемі нысандарында алынады.

Осы Нұсқауда қолданылатын ұғымдар мынадай мағыналарды білдіреді:

жерге жеке меншік құқығы - азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың Жарлықпен және өзге де заңдармен белгіленген жағдайлар мен шектерде олардың жер учаскелерін иелену, пайдалану және билік ету құқығы;

жер пайдалану құқығы - мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін мерзімсіз ( тұрақты жер иелену) немесе белгілі бір мерзімде (уақытша жер пайдалану) тұлғаның иелену және пайдалану құқығы. Жер пайдаланушы Жарлықпен белгіленген жағдайлар мен шектерде оған жер пайдалану құқығына билік етуге құқылы. Уақытша жер пайдалану құқығы қысқа мерзімді (3 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (3 жылдан 99 жылға дейін) болуы мүмкін. Бастапқы және қайталама жер пайдалану құқығына бөлінеді;

жер учаскесі - жер құқықтық қатынастар субъектілері үшін Жарлықпен белгіленген тәртіпте бекітілген, жабық шекараларда бөлінген жер бөлшегі.;

төлемнің базалық ставкасы - жерді пайдалануға мемлекет беретін немесе жеке меншікке берілетін жер үшін төлем нормативі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

## II. Жер салығын төлеушілер

2. Жер салығы төлеушілері біртұтас жер салығы төлеушілерінен басқа меншігінде тұрақты пайдалану немесе бастапқы өтеусіз уақытша пайдалануға жер учаскелері бар заңды тұлғалар (оның ішінде резидент еместер), өкілдіктер мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер мен жеке тұлғалар болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

3. Жер салығы арендалық негізде жерді пайдаланғаны үшін жердің осы санатына белгіленген ставкалар бойынша арендаға берушіден алынады.

## III. Салық салу объектісі

4. Заңды тұлғаларға және азаматтарға иелігіне немесе пайдалануына ( арендаға) берілген жер учаскелері жер салығын салу объектілері болып табылады. Атап айтқанда, оларға мыналар жатады:

- заңды тұлғаларға ауылшаруашылығы өндірісі үшін, қосалқы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылық алаптары;
- жеке тұлғаларға өзіндік қосалқы шаруашылық, шаруашылығы, мал жайылымы мен шөп шабу үшін берілген жер учаскелері;
- серіктестіктерге (қоғамдарға), азаматтардың кооперативтеріне бағбандық, бақша шаруашылығы және мал шаруашылығы үшін берілген жер учаскелері:
- көлік, ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы, орман өнеркәсібі, байланыс, су, балық, аң аулау шаруашылығы, сондай-ақ халық шаруашылығы басқа да салаларының кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары жекелеген санатына берілген қызмет мақсатындағы жер үлестері;
- тұрғын үй, саяжай, гараж құрылысына, кәсіпкерлік қызметке және өзге мақсаттарға арналған жер учаскелері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, радиохабары, теледидар, информатика және

ғарыштық қамтамасыз ету, энергетика жерлері;
- өкімет және басқару органдарының ішкі және темір жол әскерлері,

ғарыштық жүйе қызметін қамтамасыз ету үшін берілген жерлер;
- өздерінде ағаш дайындау жүргізілетін пайдалану мақсатында орманға бөлінген жерлер;
- шаруашылық қызметі үшін берілген су қорының жері.

5. Мақсатты пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасындағы барлық жерлер мынадай топтарға бөлінеді:
- ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер;
- тұрғын пункттердің /қалалардың, поселкелердің және селолық тұрғын пункттердің/ жерлері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауылшаруашылық емес мақсаттағы жерлер;
- ерекше қорғалатын табиғат аумағының жерлері;
- орман қорының жерлері;
- су қорының жерлері;
- запастағы жерлер.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

IV. Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі

6. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңына басқа жер салығын белгілеуге және төлеуге мыналар негіз болып табылады:
Жер иелену және пайдалану құқығы акті немесе жер учаскелеріне иелену немесе пайдалану құқығын куәландыратын басқа құжат;
ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жерді мемлекеттік сандық және сапалық есепке алудың деректері.
Бонитет балын аныұтайтын топырақ материалдары болмаған жағдайда жерді пайдаланудың немесе жерді иемденудің топырақ жамылғысының сапасын сараптамалық бағалау жергілікті жерге шығара отырып нақты көру арқылы жүргізіледі.

Құрамында:
1) жергілікті өкімет органының өкілі;
2) жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитет

өкілі;

3) жер ресурстары және жерге орналастырудың Мемлекеттік орталығының облыстық бөлімшесінен топырақтанушы;

4) жер иеленуші немесе жер пайдаланушының өкілін қамтитын 4 адамнан тұратын комиссия сараптамалық бағалау жүргізеді.

Жер иелену немесе жер пайдалану аумағына тексеру нәтижесі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас салық инспекциясы (одан әрі - Бас салық инспекциясы) белгілеген үлгі бойынша актімен ресімделеді.

(Осы Нұсқаулыққа тіркелген N 1 қосымша).

7. Жер салығының базалық ставкалары негізгі нысаналық мақсаттағы жер санаты бойынша белгіленеді.

Нақты жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар үшін жер салығының ставкаларын өз құзыретіне сәйкес жергілікті өкімет органдары белгілейді.

8. Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты болмайды, ол жер учаскесінің сапасына, орналасуына және сумен қамтамасыз етілуіне қарай анықталады.

9. Жер салығы жер алаңының бірлігі үшін жыл сайынғы тіркелген төлем түрінде белгіленеді.

108, 112 және 114 баптар бойынша базалық жер ставкаларына Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын тағайындайтын коэффициент қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

10. Заңды тұлғаларға (олардың ішінде резидент еместерге), олардың филиалдарына, өкілдіктеріне және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне және азаматтарға жер салығы салық салынатын жер учаскесінің алаңына және салығының бекітілген ставкаларын негізге ала отырып есептеледі.

Салық төлеушінің пайдалануындағы жер әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын жер учаскелерінен тұратын ретте жерсалығының жалпы мөлшері осы жер учаскелері бойынша салықты қосындылауы арқылы анықталады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

11. Азаматтарға жеке қосалқы шаруашылық, бағбаншылық, бақша және құрылысқа арналған жерлерді қоса саяжай құрылысы үшін жерге салық ставкасы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

0,12 гектарға дейін жер көлемінде - 0,01 гектар үшін 20 теңге;

0,12-ден 0,25 гектарды қоса жер көлеміне - 0,01 гектар үшін 100 теңге;

(алынып тасталды)

Мысал.

Жеке тұлға иелігінде көлемі 0,70 гектар қосалқы, бағбандық, бау-бақша және саяжайлық шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер учаскесі бар.

Заңның 108-бабы 4-тармағына сәйкес салық ставкасы 0,50 гектарға дейінгі көлемінде 0,01 гектар үшін 20 теңге мөлшерінде, 0,50 гектардан асатын алаң көлеміне - 0,01 гектар үшін 100 теңгеде белгіленген. Аталған ставкаларға жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін коэффициент қолданылады, 1999 жылғы коэффициент 1,57 болды.

1999 жыл үшін жер салығы мөлшері мынаны құрады:

1) 0,50 гектарға дейінгі алаңға

0,50 га : 0,01 га х 20 теңге х 1,57 = 1570 теңге;

2) 0,50 гектардан асатын алаңға

(0,70 га - 0,50 га) : 0,01 га х 100 теңге х 1,57 = 3140 теңге.

Жалпы 1570 теңге + 3140 теңге = 4710 теңге.

Сөйтіп, 1999 жыл үшін жер салығы мөлшері мынаны құрады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді, мысал жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

12. Басқа мемлекеттерге берілген жер учаскесін пайдаланғаны үшін салық салудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының осы мемлекеттермен жасасқан шарттарымен анықталады.

13. Заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері (біртұтас жер салығын төлеушілерден басқа) төленуге тиісті жер салығы мөлшерін дербес есептейді және жыл сайын ағымдағы жылдың бірінші шілдесінен қалдырмай өздерінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органдарына белгіленген нысанда әрбір жер учаскесі бойынша тиесілі салық декларациясын тапсырады ( осы Нұсқауға 5 қосымша).

Ағымдағы жылдағы 1 шілдеге дейінгі жер учаскелерінің алаңдар мөлшерлерінің ұлғаюы немесе кемуі жағына өзгерістер жағдайынан бастап ауыл шаруашылығы емес жер пайдаланушылар-заңды тұлғалар жер алаңдарының өзгерген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде салық органына 8-қосымшаға сәйкес Есеп тапсыру қажет.

Ағымдағы жылдағы 1 шілдеден кейінгі (яғни Декларация ұсынғаннан кейін) жер учаскелерінің алаңдар мөлшерлерінің ұлғаюы немесе кемуі жағына өзгерістер жағдайынан бастап ауыл шаруашылығы емес жер пайдаланушылар-заңды тұлғалар жер алаңдарының өзгерген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде салық органына қосымша декларация тапсыру қажет.

Бұл жағдайларда төлем мерзімі деп алдағы (келесі) жер салығын төлеу мерзімі есептеледі.

Төлемдер заңды тұлғаларға иеленуге немесе пайдалануға берілген әрбір жер учаскесі бойынша бөлек, ал тұрғын үй қорлары орналасқан жері үшін әрбір үй бойынша бөлек есептеледі.

Егер заңды тұлғалардың салық салу объектілері бір салық органы қызмет көрсететін аумақта орналасса, барлық объектілер бойынша бір жиынтық декларация тапсыруға болады, бірақ оған жер көлемі, ставкалар және әрбір жер учаскесі мен үй бойынша есептелген салық сомасы көрсетілген анықтамалар немесе талдама кестелер қосып тапсырылады, өйткені оларға әртүрлі аймақтарда орналасуына байланысты әрқилы ставкалар бойынша салық салынуы мүмкін. Егер бір заңды тұлғаның салық салу объектілері әртүрлі салық органдары қызмет көрсететін аумақта орналасса, әрбір салық органына осы салық органы қызмет көрсететін аумақта орналасқан салық салу объектілері үшін салық есебі тапсырылады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

ЕСКЕРТУ. 13-тармақтың 1-абзац өзгертілді, 2-абзац жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

14. Салық салу объектілері мен коммуникация желілері Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтары арқылы өтетін мына заңды тұлғалар декларацияларды мемлекеттік салық комитеттеріне әрбір әкімшілік ауданы бойынша жер салығын тиісті жергілікті бюджеттерге төлейді:

- Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің теміржол бөлімшелері - теміржолдар және тілкем жер, теміржол станциялары, вокзалдар орналасқан жерлер үшін;

- Қазақстан Республикасы Көлік құрылысы министрлігінің автомобиль жолдары өндірістік басқармалары мен жөндеу-құрылыс бірлестіктері - жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары және осы жолдардың тілкем жері орналасқан жерлер үшін;

- Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары

министрлігінің балансында желілері бар өндірістік энергетика және электрлендіру бірлестіктері - осы желілер мен тілкем жері орналасқан жерлер үшін;

- Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің балансында мұнай, газ құбырлары бар мұнай және газ тасымалдау кәсіпорындары, мұнай-газ өндіру бірлестіктері (басқармалары) - осы құрылыстар мен тілкем жер орналасқан жерлер үшін;

- балансында радиорелейлі, әуе, кабельді байланыс желілері бар мемлекеттік пайдалану байланыс кәсіпорындары, - осы желілер мен тілкем жер орналасқан жерлер үшін;

- балансында бүкіл қаланың (ауданға бөлінген қалаларда) мемлекеттік тұрғын үй қоры және тұрғын үй емес қоры бар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдары - осы құрылыстарға бөлінген жерлер үшін.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

15. Азаматтарға жер салығын есептеуді аумақтық салық органдарымен жүргізіп, ағымдағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей оларға салықты төлеу туралы төлем хабарламасын тапсырып отырады.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

16. Төлеушілердің есебін алу және жер салығын есептеу жыл сайын ағымдағы жылдың бірінші маусымындағы жағдай бойынша жүргізіледі.

17. Заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және жеке тұлғалардан (біртұтас жер салығын төлеушілерден басқа) алынатын жер салығы оларға жер учаскесі берілген айдан кейінгі айдан бастап есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

18. Жер салығын ауыл шаруашылығы жерін иеленушілер мен жер пайдаланушылар және жеке тұлғалар - жер учаскелерінің иелері ағымдағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірмей төлейді. Салықтық төлеу жер учаскелері біртұтас жер салығын төлеушілерден басқа) орналасқан орын бойынша

жүргізіледі.
ЕСКЕРТУ. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1995.12.29. N 367 бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

19. Ауыл шаруашылығынан тыс жерді пайдаланушылар - заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзгеде құрылымдық бөлімшелері жер салығын ағымдағы жылдың 20 ақпанында, 20 мамырында, 20 тамызында және 20 қарашасында тең үлестермен төлеп отырады.
1995 жылы ауыл шаруашылығынан тыс жерді пайдаланушылар жер салығының жылдық сомасының үштен екі бөлігі мөлшеріндегі алғашқы жарнаны бұның алдындағы төлемдерді төлемегені үшін өсім есептемей 20 тамызда, жер салығының барлық қалған бөлігін 20 қарашада төлейді.
Салықты төлеу жер учаскелері орналасқан орын бойынша жүргізіледі.
ЕСКЕРТУ. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 1995.12.29. N 367 бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 19-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

20. Жер учаскесін иелену құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы учаскені пайдаланудың нақты мерзімі үшін төленеді.
Егер төленген салық сомасы есептелген сомадан асып кетсе, салық қызметі:
1) артығын салық төлеуші төлейтін басқа салықтардың есебіне жатқызылады;

2) салық төлеушінің келісуі бар болған жағдайда қалдығын алдағы төлемдер жөніндегі міндеттемелер есебіне жатқызылады;
3) қалдығын 20 күн мерзім ішінде төлеушінің жазбаша өтініші бойынша салық төлеушіге қайтарады.
Егер салық төлеушінің артық төлеген салық сомасы басқа салықтар бойынша міндеттемелердің есебіне жатқызылса, жоғарыда аталған соманы пайдалануға қатысты мәліметтер есептелген салық сомасы туралы хабарламада жазылуға тиіс
.
21. Азаматтарға берілген жер учаскелерінің көлемін есепке алу мына органдардың мәліметтері негізінде жүргізіледі:
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық органдары (техникалық түгендеу бюросы), сондай-ақ жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық және қалалық комитеттерінің қалалар мен жұмысшы поселкелерінің шекараларына жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, ұжымдық және жеке

бау-бақша өсіру, мал шаруашылығымен айналысу, сондай-ақ жеке тұрғын үй, саяжай, гараж салу үшін азаматтарға берілген жер учаскелерінің көлемі туралы деректері. Бақылау материалдары ретінде қалалардың қала құрылысы және архитектурасы жөніндегі бөлімдерінің (басқармаларының) осы құрылыстар үшін жер учаскелерін бөлу туралы деректер пайдаланылуы мүмкін;

- селолық өкімет органдары селолық елді мекендердің шекарасында және селолық жерлерде жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, жеке бау-бақша өсіру, мал шаруашылығымен айналысу, шөп шабу және мал жаю үшін, сондай-ақ жер учаскелерінің көлемі туралы деректері;

- көлік, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, ағаш өнеркәсібі, байланыс, су, балық, аң шаруашылықтары, сондай-ақ халық шаруашылығының басқа салалары кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының осы салалар мен ведомстволардың қызметкерлерінің жекелеген санаттары аталған кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеген кезеңде оларға берілген қызмет бабындағы жер үлестері туралы мәліметтері;

- ауылшаруашылық тауар өндірушілер өзге де заңды тұлғалардың осы заңды тұлғалар мен басқа да органдардың пайдалануындағы жерлердің есебінен жеке бау-бақша өсіру, шөп шабу және мал жаю үшін азаматтарға берілген жер учаскелерінің көлемі туралы мәліметтер;

Егер нұсқаулықтың осы тармағының алдындағы абзацында көрсетілген жер учаскелері үшін жер салығын оларда тікелей аты аталған заңды тұлғалар төлесе, осы жерге салық қайта салынбауы үшін екінші жер пайдаланушылардан салық алынбайды.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақтың өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

## V. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын салық

22. Ауыл шаруашылығы мұқтаждары үшін берілген немесе осы мақсатқа арналған жер ауыл шаруашылық мақсатындағы жерге жатады.

23. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын жер салығының базалық ставкасы республиканың жерге орналастыру органдары анықтайтын бонитет балы өлшемімен өлшенетін топырақтың табиғи құнарлылығына негізделеді және Қазақстан Республикасының екі аймағы бойынша сараланады: бірінші, бұған далалық және қуаң далалық аймақтардың кәдімгі және оңтүстік қара топырақты, күңгірт қызыл қоңыр және қызыл қоңыр топырақты жазықтағы аумақтары жерінде, сондай-ақ тау бөктерлеріндегі күңгірт (сұрғылт қоңыр), қызыл қоңыр (қоңыр) сұр топырақты және тау бөктерлеріндегі қара топырақты

аймақтардағы жерлер (108-бап, 2-тармақ) және жартылай шөлейт және тау бөктерлеріндегі шөлейт аймақтардағы бозғылт қызыл қоңыр, қоңыр, сұр қоңыр, бозғылт және кәдімгі сұр топырақты, сондай-ақ таулы-далалық, таулы шалғындық - далалық және таулы альпілік және субальпілік топырақты таулы аумақтардағы жерлер (108-бап, 3-тармақ) жатады.

24. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын салықтың

аралық маңыз бойынша есептелген базалық нарықтары осы нұсқаулықтың N 2 қосымшасында келтірілген.

25. Жергілікті өкімет органдары жер учаскелерінің орналасуына, оның сумен қамтамасыз етілуіне, шаруашылық жүргізудің өндірістік және өзге жағдайларында байланысты өз құзыреті шеңберінде жер салығының ставкасын 20
процент аралығында төмендетуге және немесе жоғарылатуға құқығы бар.

VI. Елді мекендердің жерлеріне салынатын салық

26. Қалалық (поселкелік) жергілікті өкімет органдарының карауындағы қала мен поселке шегі шеңберінде орналасқан бүкіл жер қалалар мен жұмысшы поселкелерінің жеріне жатады.

Қалалар (поселкелер) жерінің құрамына:

1) қалалық (поселкелік) құрылыс салатын жер;

2) жалпы пайдаланылатын жер;

3) ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланылатын жер мен басқа да алаптар;

4) қаланың ағаш өсірілген жері;

5) темір жол, су, әуе, труба құбырлары көлігінің, кен өнеркәсібі мен өзге де өнеркәсіп жері кіреді.

Селолық елді мекендердің жеріне осы мекендерге арналып жерге орналастыру тәртібі бойынша белгіленген өлшем шеңберіндегі барлық жерлер ж а т а д ы .

27. Елді мекеннің жерлері салық салу мақсаттары үшін екі топқа бөлінген: 1) тұрғын үй емес құрылыстар, ғимараттар алып тұрған жерлер, оларды ұстауға қажетті учаскелер, сондай-ақ объектілерді санитарлық қорғау аймақтары, техникалық және өзге де аймақтар; 2) тұрғын үй қорлары алып тұрған жерлер, оның ішінде олардың жанындағы құрылыстар және ғимараттар.

27-1) Астана, Алматы қалалары мен осы Нұсқаудың 6 қосымшасындағы тізбеде облыстық маңызы бар қалалар үшін көрсетілген үй қорында орналасқан, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттарды қоса үй жанындағы жер учаскелеріне салық ставкасы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

0,06 гектарды қоса жер көлемінде - 0,01 гектар үшін 20 теңге;
0,06 гектардан асатын жер көлеміне - 0,01 гектар үшін 600 теңге.

М ы с а л :

Жеке тұлға иелігінде Алматы облысы Қапшағай қаласында жалпы көлемі

0,18 гектар жер учаскесі бар, соның ішінде 0,06 гектары тұрғын үй қорына арналған және 0,12 гектары үй жанындағы жер учаскесіне бөлінген.

Жанындағы құрылыстар мен ғимараттарды қоса елді мекендердің тұрғын үй қорына арналған жеріне салықтың базалық ставкасы Қапшағай қаласы бойынша осы нұсқаудың 4 қосымшасына сәйкес 1 шаршы метр үшін 0,2 теңге құрайды. 1999 жылға белгіленген коэффициентті ескеріп елді мекендердің тұрғын үй қорына арналған жеріне салықтың базалық ставкасы

0,2 х 1,57 = 0,31 теңге құрайды.

1999 жыл үшін жер салығы мөлшері мынандай болады:

тұрғын үйге арналған 0,06 гектар жер көлеміне:

600 х 0,31 = 186 (теңге)

(0,06 гектар = 600 шаршы метр),

үй жанындағы жер учаскесіне арналған 0,06 гектар жер көлеміне:

6 х 20 = 120 (теңге),

үй жанындағы жер учаскесіне арналған 0,06 гектардан асатын жер көлеміне:

(12 - 6) х 600 = 3600 (теңге).

Барлығы: 186 + 120 + 3600 = 3906 (теңге).

Қалған елді мекендер үшін үй жанындағы жер учаскесіне салық ставкасы тұрғын үй қорына, олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттарды қоса арналған жерлерді қоспағанда мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

0,50-ге дейінгі жер көлемінде - 0,01 гектар үшін 20 теңге,
0,50-ден асатын жер көлеміне - 0,01 гектар үшін 100 теңге;

27-2) Оларды Қазақстан Республикасы рыноктарында тауарлар сату құқығы автотұрақтар, автомайқұю станциялары үшін алым алынатын қызмет жүзеге асырылатын аумақтарға арналған елді мекендердің жерлеріне, тұрғын емес құрылыстарға, ғимараттарға, оларды ұстау үшін қажетті учаскелерге арналған, сондай-ақ объектілердің санитариялық-қорғаныс аймақтарына, техникалық және өзге де аймақтарға арналған жерлерге, осы нұсқаудың 4 қосымшасында көзделген, 10 есе арттырылған ставкалар бойынша салық с а л ы н а д ы .

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ 27-1), 27-2) тармақшалармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

ЕСКЕРТУ. 27-1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990903_

28. Жер салығы бір жылға шаққанда заңды тұлғалар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен иелігінде немесе пайдалануында берілген жер учаскелерінің салық салынатын алаңынан, оның ішінде құрылыстар мен ғимараттар ұстауға қажетті алаңнан, сондай-ақ құрылыстар мен ғимараттар ұстауға қажетті жер учаскелерінен алынады. Бұл орайда құрылыстар мен ғимараттарды ұстауға қажетті жер учаскелерінің салық салынатын алаңына, олар басқа заңды тұлғалар мен азаматтардың пайдалануына берілген ретте объектілердің санитарлық-қорғау аймақтары, техникалық және басқа да аймақтар кіреді.

29. Құрылыстар пайдаланылатын жер учаскелері бірнеше заңды тұлғалар немесе азаматтардың бөлек пайдалануында болған ретте осы учаскенің әрбір бөлігі бойынша жер салығы жеке есептеледі. Осы адамдардың бірлескен пайдалануындағы жер алаңдары салық есептеу үшін олардың арасына өздерінің бөлек иеленуіндегі құрылыстардың алаңына сәйкес бөлінеді.

Бірнеше заңды тұлғалардың немесе азаматтардың жалпы үлесті меншігіндегі құрылыста пайдаланатын жер учаскелері үшін жер салығы осы жер учаскелерін иелену және пайдалану құқығын қуаттайтын құжаттарды немесе тараптардың келісімінде өзге нәрсе ескерілмеген ретте осы құрылыстағы олардың үлесіне сәйкес осы меншік иелерінің әрқайсысына салынады.

30. Жергілікті өкімет органдары нақты жер иеленуі жер пайдалануы үшін жер салығының ставкаларын белгілейді, олар өз құзыреті шегінде учаскенің көлік қатынауына қолайлылығына, айналадағы ортаның, микроклиматтық және санитарлық-гигиеналық жағдайына, аумақтың табиғи күштердің қиратушы әсеріне ұшырауын, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталықтарының өркендеуіне және басқа да факторларға байланысты жер салығының ставкасын 20 процентten асырмай азайтуға немесе арттыруға құқылы.

31.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

32. Елді мекендер жыл ішінде қоныстардың басқа санатына жататын немесе

әкімшілік жолмен басқа жергілікті өкімет органдарының бағынысына берілетін яки олардың аумағы өзге елді мекеннің аумағының құрамына енгізілген реттерде ставкалар қолдану туралы мәселе былай шешіледі:

- жыл ішінде мекен қоныстардың басқа санатына жатқызылса (мәселен, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес селолық елді мекен жұмысшы поселкесіне немесе қалаға жатқызылды яки жұмысшы поселкесі қалаға жатқызылады), жер салығы сол жылы төлеушілерден осы елді мекендер үшін бұдан бұрын белгіленген ставкалар бойынша, ал келесі жылы - жаңадан құрылған жоғарыда көрсетілген қоныстар санаты үшін белгіленген ставкалар бойынша алынады;

- елді мекен қысқарып, ол басқа елді мекеннің құрамына енгізілсе (мәселен, жер салығы шаршы метр үшін 0,5 теңге ставка бойынша алынатын жұмысшы поселкесі тамыз айында облыс орталығы - қаласының аймағына қосылды, ал мұнда мәртебесі есебіне неғұрлым көтеріңкі ставка қолданылады) қысқартылған елді мекеннің аумағында жаңа ставка келесі жылдан бастап қолданылуға тиіс.

33. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауылшаруашылығынан басқа мақсаттағы (шахталарды, карьерлерді қосқанда және олардың санитарлық, техникалық және басқа да зоналармен) елді мекен аумағында бірақ селитебті аумақтан тыс орналасқан жерлерге 112-бапта көрсетілген (Нұсқаулыққа N 4 қосымша), 70 процентке дейін азайтылған ставка бойынша салық салынады. Азайтудың нақтылы көлемін жергілікті өкілетті органдар тағайындайды.

Мысал:

Осы нұсқаудың 4-қосымшасына сәйкес Қостанай қаласындағы тұрғын үй емес құрылыстар орналасқан жерлерге базалық салық ставкасы 1 шаршы метр үшін 3,25 теңге құрайды. Жарлықтың 107-бабының 4-тармағына сәйкес елді мекендер жерлерінің базалық салық ставкасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленетін коэффициент қолданылады. Елді мекендер жерлеріне базалық салық ставкасы 1999 жылға арналып белгіленген коэффициент ескеріліп 3,25 х 1,57 = 5,10 теңге құрайды. 113-баптың 3-тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың жер салығының базалық ставкаларын жетпіс процентке дейін азайтуға құқығы бар. Мұның өзінде, төмендетілген базалық ставканың шекті мөлшері 3,57 теңге (5,10 х 70% = 3,57) болуы керек.

"Сәулет және қала құрылысы туралы" 1993 жылғы 22 қазандағы N 2473 Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй қорын, қоғамдық үй-жайлар мен ғимараттар, сондай-ақ санитарлық-қорғау аймақтарын орнатуды қажет етпейтін жекелеген коммуналдық және өндірістік объектілер орналастыруға арналған елді мекен аумағының бір бөлігі қоныс аумағы деп ұғынылады.

Игерілген аумақтың шекарасын жергілікті өкімет орындары белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 1995.12.29. N 367 бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 33-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 33-тармақтағы мысал жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 929 бұйрығымен. V990791_

## VII. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерге салынатын салық

34. Тиісті кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген жер өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге мақсаттағы жер деп танылады.

Көлік жеріне темір жол, су, әуе және автомобиль көлігінің жерлері жатады.

Магистралды труба құбырларының (газ құбырлары, мұнай құбырлары, су құбырлары) жеріне магистралды труба құбырлары кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына бақылау үйшіктерін, компрессор станцияларын және труба құбырларының техникалық жобаларға сәйкес қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ететін басқа да құрылыстарды орналастыру үшін берілген жер учаскелері жатады.

Байланыс және электр энергиясын тарату желілерінің жеріне осы желілердің пайдаланылуын жүзеге асырушы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға әуедегі байланыс, радиоландыру және электр энергиясын тарату желілерінің тіреуіштері, үйлер, құрылыстар мен басқа да құрылғылар үшін берілген жер учаскелері жатады.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің, Республикалық ұланның, шекара, ішкі және темір жол әскерлерінің әскер бөлімдерін, әскери-оқу орындарын, кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын орналастырып, олардың қызмет етуі үшін берілген жер қорғаныс мұқтаждарына арналған жер деп танылады.

35. Елді мекендерден тысқары орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс жеріне өзге ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерге салынатын салықтың базалық ставкалары осы Нұсқаулыққа тіркелген N 2 қосымшада келтірілген.

36. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлерге салық салу бонитет балымен анықталатын жер сапасына байланысты.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар орналасқан жер учаскелерінің бонитет балын айқындау мүмкін болмаған кезде, жер салығының мөлшері шектес жатқан

жердің бонитет балы негізіне алынып айқындалады.

37. Өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерге салынатын салық ставкаларын әрбір жер пайдаланушы үшін базалық ставкаларды негізде ала отырып, жергілікті өкімет органдары айқындап, бекітеді.

38. Жергілікті өкімет органдары өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерге салынатын салық ставкаларын учаскенің орналасқан өңіріне, коммуникациялардың болуына және басқа факторларға қарай 20 проценттен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

39. Қорғаныс мұқтажына уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылық мақсаттары үшін басқа жер пайдаланушыларға берілген жерге осы Жарлықтың 108 және 109-баптарында көзделген тәртіп пен шарттар негізінде салық салынады.

40. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген жер үшін салық төлету тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті анықтайды.

## VIII. Айрықша қорғалатын табиғат аумақтарына жер салығы

41. Айрықша қорғалатын табиғат аумақтарының жерлеріне мемлекеттік табиғат, қорықтарының, оған биосфералық қорықтарды қоса, ұлттық табиғат парктерінің, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, ботаникалық бақтардың, мемлекеттік табиғат заказниктерінің, табиғат ескерткіштерінің, орман резерваторларының жерлері жатады.

Бұл жерлердің құрамына, сондай-ақ айрықша экологиялық ғылыми, эстетикалық, тарихи-мәдени, рекреациондық және емдеу-сауықтыру мақсаттағы табиғат кешендері мен нысандарының жер учаскелері енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

42. Айрықша қорғалатын табиғат аумақтары жердің құрамына кіретін және заңды және жеке тұлғаларға ауыл шаруашылық мақсаты үшін берілген учаскелер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер секілді ставкалар бойынша салық салынады (N 2 кесте).

Жергілікті өкіл органдары нақты жер иелену және жер пайдалануы үшін жер учаскелерінің орналасуына, оның сумен қамтамасыз етілуіне, өндірістік және өзге шаруашылық жүргізу шарттарына байланысты 20 проценттен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің

1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

43. Айрықша қорғалатын табиғат аумақтары жерлердің құрамына кіретін, заңды және жеке тұлғалардың иеленуіне немесе өзге мақсат үшін пайдалануына берілген учаскелер, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатынынан басқасы өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлер секілді ставкалар бойынша салық салынады.

Жергілікті өкімет органдары жерге жер салығының ставкасын учаскенің орналасқан өңіріне, коммуникациялар болуына және басқа факторларға қарай 20 процenttен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.23. N 14-1-17 бұйрығымен.

## IX. Орман қорының жерлеріне салынатын салық

44. Ағаш өскен, сондай-ақ ағаш өспегенімен, орман шаруашылығының мұқтаждары үшін берілген жер орман қорының жері деп танылады.

45. Орман қоры жерлерінің құрамына кіретін және ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланылатын жерлерге жер салығын ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер секілді ставкалар бойынша салынады.

Жергілікті өкіл органдары накты жер иеленуі және жер пайдалануы үшін жер учаскелерінің орналасқан өңіріне, оның сумен қамтамасыз етілуіне, өндірістік және өзге шаруашылық жүргізу шарттарына байланысты жер салығының базалық ставкасын 20 процентке дейінгі аралықта кеміту және арттыру құқығы бар.

46. Орман шаруашылығы мен су шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа объектілері тұрған орман қорының құрамына кіретін жерлерге салынатын салық өнеркәсіп көлік, байланыс және өзге ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер секілді ставкалар бойынша алынады.

Жергілікті өкімет органдарына жер учаскелерінің қолайлы орналасуын ескере отырып (учаскелердің орналасқан өңіріне, коммуникациялардың болуына және басқа да факторларға) 20 процenttен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

47. Ағаш дайындайтын пайдалану мақсатындағы ормандар орналасқан жерге салынатын салық есептеу сәтінде қолданылып жүрген түбірінен босатылған ағаштың және ағаш шабу билеті (ордері) бойынша басты пайдалану және орманды қалпына келтіру кесімді құнының бес проценті мөлшерінде белгіленеді. Салық сомасы ағаш шабу билетіне (ордерінде) жеке жолмен көрсетіліп, ормандарды пайдалану үшін төленетін ақының құрамында төленеді.

## X. Су қорының жерлеріне салынатын салық

48. Су қоймалары (өзендер, көлдер, бөгендер, каналдар, ішкі теңіздер, аумақтық сулар), мұзарттар, батпақтар, гидротехникалық және басқа су шаруашылық құрылыстары алып жатқан жер, сондай-ақ су қоймаларының жағалауын тілкем жерге арнап бөлінген жер су қорының жері деп танылады.

49. Су қоры жерлерінің құрамына кіретін және ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылатын жерлерге салынатын салық ауыл шаруашылық мақсатындағы жер секілді ставкалар бойынша алынады.

Жергілікті өкімет органдары накты жер пайдалануы үшін жер учаскесінің орналасқан өңіріне, оның сумен қамтамасыз етілуіне, өндірістік және өзге де шаруашылық жүргізу жағдайына байланысты жер салығы ставкасын 20 процентке дейінгі аралықта арттыруға немесе кемітуге құқығы бар.

50. Су қорларының құрамына кіретін су шаруашылығы органдарының үйлері, ғимараттары және басқа да объектілері орналасқан жерге салынатын салық өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жер секілді ставкалар бойынша алынады.

Жергілікті өкімет органдарының салық ставкасын учаскенің орналасқан жеріне, коммуникациялар болуына және басқа факторларға байланысты 20 проценттен асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

## XI. Салық салуды қайта қарау, қосымша есептелген және азайтылған салық сомасын төлеу тәртібі

51. Жер салығын төлеуге уақытылы тартылмаған төлеушілер кем дегенде осының алдындағы бес жыл үшін салық төлеуге тартылады. Салық төлеуші салық салу кезеңі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде ақшаны қайтаруды немесе артық төленген жер салығының сомасын есепке алуға құқылы.

52. Жер салығын есептелген кезде әрбір төлемнің жалпы сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді, 50 тиыннан кем сома есепке алынбайды, ал 50 тиын және одан көп тиын 1 теңгеге дейін дөңгеленеді.

## XII. Жер салығы бойынша есептерді тексеру тәртібі

